

Зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниялардың басшы лауазымдарына үміткерлерді келісу тәртібі туралы ЕРЕЖЕ

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы 1997 жылғы 29 тамыз N 133 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1997 жылғы 10 қыркүйекте тіркелді. Тіркеу N 364. Күші жойылды - ҚР Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясының 1998.08.13. N 11 ~V980641 қаулысымен.

І . Ж а л п ы е р е ж е л е р

1. Осы Ереже "Қазақстан Республикасындағы зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Z970136_ Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 20 маусымдағы Заңына, "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Z970077_ Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 5 наурыздағы Заңына, Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді және зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниялардың (бұдан әрі - Компания) басшы лауазымдарына үміткерлерді Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясында келісу тәртібін белгілейді.

2. Басшы лауазымдарға үміткерлерді БҚҰК-да келісуден өткізу рәсімі барлық Компаниялар үшін міндетті. Келісу үміткерлердің кәсіби жарамдылықтарын айқындау мақсатында жүргізіледі.

3. БҚҰК Компанияның белгіленген тәртіпте келісуден өткен басшы қызметкерлерінің тізілімін жүргізеді.

Компанияның басшы қызметкерлері жөніндегі мәліметтерді қалыптастыру және тексеру үшін БҚҰК салық, құқық қорғау және өзге де мемлекеттік органдардан, сондай-ақ аудиторлардан және тәуелсіз ұйымдардан Компанияның басшы қызметкерлерінің кәсіби қызметтері және басшы лауазымдарға үміткерлер мәселелері жөнінде тиісті ақпараттар алуға құқығы бар.

ІІ. Біліктілік комиссиясын қалыптастыру және оның мәжілістері

4. Компанияның басшы лауазымдарына үміткерлердің кәсіби деңгейін ауқымды түрде бағалау үшін БҚҰК біліктілік комиссиясы құрылады. БҚҰК-ның Инвестициялау басқармасының жұмысына жетекшілік ететін мүшесі біліктілік комиссиясының төрағасы болып табылады.

5. Біліктілік комиссиясы жеті мүшеден тұрады және БҚҰК Төрағасының бұйрығымен бекітіледі. Комиссияның басшы лауазымына осы Ереженің 15-тармағына сәйкес барлық құжаттарды ұсынған үміткерлер біліктілік комиссиясында қарауға жатады.

6. БҚҰК-ның біліктілік комиссиясының мәжілістері қажеттілігіне қарай, оның мүшелерінің кемінде 2/3 қатысса жүргізіледі. Шешім отырысқа қатысып отырғандардың көпшілік жай дауыстарымен қабылданады. Дауыс саны тең болған кезде Біліктілік комиссиясы Төрағасының даусы шешуші болып табылады.

7. Біліктілік комиссиясының мәжілісі БҚҰК-на құжаттардың толық пакеті келіп түскен күннен бастап 45 күннен кешіктірілмей жүргізілуі керек.

8. Біліктілік комиссиясы мәжілісінің күнін Біліктілік комиссиясы Төрағасының ұсынысы бойынша БҚҰК-ның Төрағасы айқындайды.

БҚҰК-ның біліктілік комиссиясы мәжілісінің күні туралы құжаттардың толық пакетін ұсынған Компаниялар 5 күнтізбелік күн бұрын кешіктірмей хабарлайды.

9. Біліктілік комиссиясының мәжілісіне Компанияның басшы лауазымына үміткерлердің қатысулары міндетті.

10. Біліктілік комиссиясының шешімі хаттамамен рәсімделеді. Егер комиссия мүшесінің үміткер жөнінде ерекше пікірі болса, бұл хаттамада көрсетіледі.

11. Компанияның басшы лауазымына үміткерге біліктілік комиссиясының мәжілісі өткізілген күні тиісті шешіммен бірге хаттамадан үзінді беріледі.

III. Компанияның лауазымды қызметкерлеріне қойылатын талаптар

12. Компанияның атқарушы органының БҚҰК келісімімен сайланатын (тағайындалатын) бірінші басшысы және оның орынбасарлары, бас бухгалтер және оның орынбасарлары, филиалының (өкілдігінің) басшысы және бас бухгалтері Компанияның басшы қызметкерлері болып табылады.

Басшы қызметкерлердің бағалы қағаздар рыногындағы кәсіби қызметке тікелей байланысты жұмыс стажы немесе банкте және басқа да банктік мекемелерде жұмыс стажы болуы керек:

- Компанияның бірінші басшысы және бас бухгалтері - кемінде үш жыл;
- Компания бірінші басшысының орынбасары және бас бухгалтердің орынбасары - кемінде екі жыл.

13. Мыналар:

- БҚҰК берген 3-санатты біліктілік куәлігі жоқ тұлға;
- сотталғандығы өтелмеген немесе заңды тәртіппен алып тасталмаған тұлға;
- банкрот деп танылған немесе аталатын тұлға басшылық жасаған уақытта консервациялауға, сауықтыруға, ықтиярсыз таратуға ұшыраған заңды тұлғаның бұрын басшы қызметкері немесе лауазымды тұлғасы болып табылған тұлға атқарып отырған лауазымына сәйкес емес деп танылады немесе Компанияның басшы қызметкері лауазымына тағайындала алмайды.

14. Шетелдік маман болып табылатын, Компанияның басшы лауазымына үміткерлер қосымша мынадай талаптарға сәйкес келу керек:

- шетелдік бағалы қағаздар рыногындағы активтерді басқару жөніндегі жұмыс тәжірибесі болу керек;
- Қазақстан Республикасының қаржылық, банктік қызметтерінде немесе бағалы қағаздар рыногы қызметінде кемінде 1 жыл жұмыс тәжірибесі болу керек.

Шетелдегі жұмыс тәжірибесі тісті құжаттармен және оған қосымша бағалы қағаздар рыногындағы активтерді басқару саласындағы шетелде белгілі екі тұлғаның ұсыныстамаларымен расталу керек.

Шетелдік мамандар тартылған жағдайда, Компания шетелдік жұмыс күшін

Қазақстан Республикасына тартуға байланысты қызметке лицензияның көшірмесін ұсыну керек.

IV. Үміткерлерді келісуге құжаттар ұсынудың тәртібі

15. Компанияның басшы лауазымына ұсынылған үміткерлерді келісу үшін БҚҰК-ға мынадай құжаттамалар жіберіледі:

- өтініш;
- басшы қызметкерлерді сайлау (тағайындау) туралы Компанияның тиісті басқару органының шешімі;
- басшы лауазымға ұсынылған үміткердің төлқұжатының (жеке куәлігінің) ксерокөшірмесі;

- басшы лауазымға ұсынылған үміткердің соңғы үш (екі) жыл ішіндегі еңбек кітапшасының (жұмысы туралы мәліметтерді растайтын басқа да құжаттарды) нотариалды куәландырылған көшірмесі;

- басшы лауазымға ұсынылған үміткердің жоғары білімі туралы құжатының ксерокөшірмесі;

- басшы лауазымға ұсынылған үміткердің үшінші санатты біліктілік

куәлігінің

ксерокөшірмесі;

- басшы лауазымға ұсынылған үміткердің анкеталық деректері (1-қосымша);
- соңғы жұмыс орынның алған, бірінші басшы қол қойған (алқалы орган

бекіткен), заңды тұлғаның мөрімен расталған мінездеме;

- қаржы, банктік істер немесе бағалы қағаздар рыногындағы кәсіби қызмет саласындағы Қазақстан Республикасына немесе Компанияның (филиалының немесе өкілдігінің) қызметі жүзеге асырылатын аймаққа белгілі кемінде екі маманның кепілдемесі.

16. Компанияның басшы қызметкерлері БҚҰК келісімінсіз, осы Ереженің 17-тармағында айқындалған кезеңді қоспағанда, өзінің міндеттерін атқаруға құқығы жоқ.

17. Басшы лауазымға ұсынылған үміткерді келісу рәсімін жүргізу кезеңінде БҚҰК үміткерге қол қою құқығымен лауазымды тұлғаның міндетін уақытша, бірақ екі айдан көп емес, атқаруға мүмкіндік береді.

18. Бағалы қағаздар рыногының қатысушылары Компанияның басшы қызметкерінің осы Ереженің 16, 17-тармақшаларын бұзып қол қойған құжаттарын орындауға қабылдауға құқығы жоқ.

19. Компанияның басқы қызметкеріне үміткерді келісуден бас тарту туралы БҚҰК-ның шешімі жөнінде сот тәртібімен шағым жасалуы мүмкін.

1-қосымша

_____ лауазымына үміткердің
(компанияның атауы, лицензияның N)

САУАЛНАМАСЫ

1. Үміткердің тегі, аты, әкесінің аты, туған уақыты және жері, азаматтығы және мекені _____

2. Білімі және жұмыс тәжірибесі:

- білімі _____

(оқу орындарын, курстардың аты, оқу мерзімдері)

- меңгерген шет тілдері _____

- еңбек ету жолы басталғаннан бергі істеген жұмыстары (жеке

парақпен қоса беру керек).

3. Ұсынылатын лауазым _____

4. Лауазымға келуі _____

(мекеменің аты, жұмыстың сипаты, тағайындалған күні)

5. Кепілдемелер _____

(кепілдік берушілердің лауазымдары, кемінде үш кепілдік берушінің мекені, телефон нөмірлері)

Қосымша: бұрынғы жұмыс орнынан мінездеме.

6. Қоса берілген және жалпы бекітілген нысандарға сәйкес үміткер толтырған және ұсынған мәліметтер:

- өмірдерек мәліметтері (1-үлгі);

- үміткер туралы қосымша мәліметтер (2, 3-үлгілер);

- табыстар мен шығындар туралы салық инспекциясы растаған

декларация;

- растама (3-үлгі).

7. Үміткер кәсіпорынды басқарған кезеңде банкроттыққа әкеп соққан ірі қаржы проблемалары туындады ма

Олардың туындау себептері _____

Осы проблемаларды шешудің нәтижелері _____

8. Үміткердің өтемеген несиелері бар ма _____

егер бар болса, онда олардың мөлшері _____

9. Қызметтік және ғылыми қызметі туралы қосымша мәліметтер _____

10. Үміткер, әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке тартылған ба, (егер тартылса, қандай себептермен) _____

11. Үміткерді ұсынған мекемемен қаржылық өзара қатынасы бар ма,

Күні _____ Үміткердің қолы _____

1-қосымшаға 1-үлгі

ӨМІРДЕРЕК МӘЛІМЕТТЕРІ

Жалпы ақпараттар

1. Тегі _____ Аты _____

Әкесінің аты _____

2. Мекен-жайы (пошталық индексін көрсетіп толық) _____

3. Туған уақыты _____

4. Туған жері _____

5. Азаматтығы _____

6. Төлқұжатының нөмірі _____

7. Телефон нөмірі (кодын, жұмыс және пәтер телефонын көрсету керек) _____

8. Қарауындағы жақын туыстары (әкесі, шешесі, балалары, аға-інілері, апа-сіңлілері, жұбайы (зайыбы):

Аты-жөні _____ Жасы _____ Туыстық қатысы _____

9. Қолдану және қолданылу кезеңіндегі өзгерту себептерін негіздей отырып, бұрын қолданған және қазіргі қолданып жүрген барлық тегін енгізу керек.

10. Осы өтінішті беру кезеңіндегі осы ақпараттағы кез келген мәнді өзгерістер Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының назарына жеткізілу керек.

1-қосымшаға 2-үлгі

ҮМІТКЕРГЕ ҚОСЫМША МӘЛІМЕТТЕР

1. Соңғы тұрған жерлері.

Кері хронологиялық тәртіппен соңғы бес жыл ішіндегі барлық тұрған жерін көрсетіңіз, Тұрған уақытын көрсетіңіз.

_____ қаласы _____ облысы _____ көшесі

Пошталық индексі _____

_____ дан _____ дейін (айы, жылы)

2. Білім және кәсіптік деңгейі туралы куәлік:

Оқу орынның аты (біліктілігін көтеру курстарын қоса) _____

Орналасқан жері _____ Түскен уақыты _____

Дипломның, сертификаттың көшірмесі _____

3. Еңбек ету уақытында шұғылданған кәсіптері (еңбек кітапшасының көшірмесі)

4. Басқа ақпарат

4.1. Ірі акционер ретіндегі қатысыңыз болған және бар қаржы ұйымдарын көрсетіңіз (барлық акцияның 5%-ін иеленуші немесе тікелей немесе жанама бақылаушы).

Ұйымның аты және орналасқан жері _____

Қызметтің түрі (қызметтің түрлерін атаңыз) _____

Осы ұйымның жарғылық капиталындағы меншік үлесіңіз _____

Күні _____

4.2. Сіздің біліктілігіңізді айқындауда маңызды деп санайтын басқа да кез келген ақпаратты беріңіз.

1-қосымшаға 3-үлгі

1-ҚОСЫМШАДА БЕРІЛГЕН МӘЛІМЕТТЕРДІ РАСТАУ

Осы құпия өмірдерек және қаржылық есептердегі ақпараттарды мен толық тексердім және анық және толық болып табылады және мен ұсынған материалда қателер мен жетімсіздіктер табылған жағдайда, ұсынылып отырған лауазымға бекітуден бас тартуға негіз болатындығын және одан кейін маған қатысты

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жаза қолдануға тартылатындығымды мойындаймын.

Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар жөнінде ұлттық комиссиясына

менің жеке өмірдерегімдегі және қаржылық жай-күйімдегі барлық мәнді өзгерістер туралы ескертуге міндеттенемін.

қолы

күні

тегі (баспа әріптерімен)

1-қосымшаға 4-үлгі

Басшы лауазымға үміткерді ұсынушының назарына:

Аты-жөні _____

өзінің кандидатурасын зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі компанияның басшы лауазымына, Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының Инвестициялау басқармасында қарау үшін ұсынады.

Ұлттық комиссия сізден кепілдеме осы үміткерге сіздің қатысыңыз, оның атағы, іскерлік қабілеті, кәсіпкерлігі және біз үшін пайдалы болуы мүмкін басқа да мәліметтерді көрсетуіңізді сұрайды.

Кепілдеме берушінің аты-жөні, қолы _____

Кәсібінің түрі _____

Мекені, телефоны _____

Ескерту:

Ұсынушы зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компанияның басшы лауазымына ұсынылушының туысқандық қатынастармен байланысты немесе осы ұсынысқа қандай да болмасын қатысы болмау керек.

